

Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 тамыздағы № 232 "2018-2019 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 72 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 мамырда № 5023 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 тамыздағы № 232 "2018-2019 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4710 болып тіркелген, 2018 жылы 20 тамызда "Оңтүстік Қазақстан" газетінде және 2018 жылы 17 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Индустриалды-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 4 колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 6 колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 10 колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Манап Өтебаев атындағы жоғарғы жаңа технологиялар колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Жол-көлік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Ә. Қастеев атындағы Оңтүстік Қазақстан өнер және дизайн колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Оңтүстік Қазақстан саз колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны";

"Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Шымкент жоғары медицина колледжі" коммуналдық кәсіпорны" деген қатарлар алынып тасталсын;

"Облыс бойынша барлығы" деген қатардағы:

"7990" сандары "6047" сандарымен ауыстырылсын;

"3485" сандары "3070" сандарымен ауыстырылсын;

"11475" сандары "9117" сандарымен ауыстырылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Н.Отарбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ө. Шөкеев

Қ.Қ. Айтмұхаметов

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Е. Аманбаев

М.И. Мырзалиев

М.Н. Отарбаев

Е.Ә. Садыр

А.Б. Тасыбаев